Әділет

# 1994 жылы туған жасөспірімдерді шақыру учаскелерінде тіркеуден өткізу туралы

## *Күшін жойған*

Павлодар облысы Баянауыл ауданы әкімінің 2010 жылғы 31 желтоқсандағы N 37 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2011 жылғы 17 қаңтарда N 12-5-83 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Баянауыл аудандық әкімі аппарат басшысының 2013 жылғы 25 қыркүйектегі N 2-26-811 хатымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Баянауыл аудандық әкімі аппарат басшысының 25.09.2013 N 2-26-811 хатымен.

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңының 17 бабы 3 тармағына сәйкес және 1994 жылы туған жасөспірімдерді шақыру учаскелерінде тіркеуден өткізуді ұйымдастыру мақсатында **ШЕШІМ қабылдаймын**:

1. 1994 жылы туған жасөспірімдерді шақыру учаскелерінде тіркеуден өткізу комиссиясының құрамы 1 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Ауылдық округтер және Майкайың кенті әкімдері 2011 жылдың қаңтар - наурыз айларында 1994 жылы туған және бұдан бұрын тіркеуден өтпеген жастары үлкендерді тіркеуден өткізуді жоғары ұйымшылдықпен өткізу міндеттелсін.

3. Ауылдық округтер және Майкайың кенті әкімдері 2 қосымшадағы кестеге сәйкес меншік түріне қарамастан кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің басшылары, мектеп директорлары, тіркелім басталғанға дейін және оның барысында 1994 жылы туған жасөспірімдердің мезгілінде және толық хабарлануын, олардың шақыру қағазында көрсетілген мерзімде аудандық қорғаныс істер бөліміне 100 пайыз ұйымшылдықпен жеткізілуін қамтамасыз етсін. Жасөспірімдердің шақыру қағаздарында көрсетілген талап етілген құжаттармен, екі тәулікке жететін қаржымен, жылы киіммен қамтылуына ерекше назар аударсын және қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етсін.

4. Аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы, полиция полковнигі Каменов А. Ш. (келісім бойынша) тіркеу кезінде тұрақты кезекшілік етуге аудандық ішкі істер бөлімінің екі қызметкерін бөлсін.

5. Облыстық денсаулық сақтау департаментінің аудандағы өкілі, аудандық аурухананың бас дәрігерінің уақытша міндеттін атқарушы Темірбекова Ж.А. (келісім бойынша) 3 қосымшаға сәйкес жасөспірімдерді дәрігерлік тексеруден өткізу үшін тәжірибелі маман дәрігерлерді бөлуге және орта буын медицина қызметкелерін медициналық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етуге

міндеттелсін.

6. Медицина комиссиясы емдеу орындарында, стационарлық тексеруге жіберген жасөспірімдер кезектен тыс қабылдансын, тексеру барлық қажетті құжаттар рәсімделе отырып барынша қысқа мерзімде өткізілсін және жасөспірімдерді емдеу-сауықтыру жұмыстарының барысы туралы жазбаша хабарлансын. Тіркелу кезінде денсаулығының кінәрәт екені анықталғандарды емдеу шаралары қарастырылсын.

7. Осы шешім баспасөз бетіне жарияланған соң 10 күнтізбелік күннен кейін күшіне енеді.

8. Осы шешімінің орындалуына бақылау жасау әлеуметтік саланы бағыттайтын аудан әкімінің орынбасарына жүктелсін.

*Аудан әкімі Е. Әйткенов*

*Келісілді:*

*Аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің бастығы майор Б. Орашев*

*30 желтоқсан 2010 ж.*

*Келісілді:*

*Аудандық ішкі істер бөлімінін бастығы полиция полковнигі А. Каменов*

*30 желтоқсан 2010 ж.*

*Келісілді:*

*ҚКМК "Баянауыл ауданының орталық ауруханасының" бас дәрігерінің уақытша міндетін атқарушы Ж. Темірбекова*

30 желтоқсан 2010 ж.

Аудан әкімінің 2010 жылғы
31 желтоқсандағы N 37 шешіміне
1-қосымша

## 1994 жылы туған жасөспірімдерді тіркеуден өткізу комиссиясының ҚҰРАМЫ

| | |
|---|---|
| Орашев Баянбек Айтмұхамедұлы | - Павлодар облысы Баянауыл ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің бастығы, шақыру комиссиясының төрағасы; |
| Тоғжігитова Бақыт Кенжеқайырқызы | - аудан әкімінің орынбасары шақыру комиссия төрағасының орынбасары; |
| Мурзатаева Маржан Рахымғалиевна | - шақыру комиссиясының хатшысы (келісім бойынша). |
| **Комиссия мүшелері:** | |
| Танжарыков Әдлет Өкенұлы | - Баянауыл ауданының ішкі істер бөлімі бастығының орынбасары - комиссия мүшесі (келісім бойынша); |
| | |

| | |
|---|---|
| Зарыхан Мұратбек | - Баянауыл орталық аудандық ауруханасы дәрігері орынбасарының міндет уақытша атқарушы – медициналық комиссиясының төрайымы (келісім бойынша). |

Аудан әкімінің 2010 жылғы 31 желтоқсандағы N 37 шешіміне 2-қосымша

| Р-с | Кенті және селолық округтер | Шақырылушылар саны | Келетін күні | Өтетін күні | Ескерту |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1 | Баянауыл а/о | 48 | 01.02.11 | 01.02.11 | |
| 2 | Баянауыл а/о | 23 | 02.02.11 | 02.02.11 | |
| 3 | Сәтбаев а/о | 21 | 02.02.11 | 02.02.11 | |
| 4 | Құндыкөл а/о | 11 | 03.02.11 | 03.02.11 | |
| 5 | Лекер а/о | 2 | 03.02.11 | 03.02.11 | |
| 6 | Ұзынбұлақ а/о | 8 | 03.02.11 | 03.02.11 | |
| 7 | Жанажол а/о | 11 | 03.02.11 | 03.02.11 | |
| 8 | Күркелі а/о | 12 | 03.02.11 | 03.02.11 | |
| 9 | Майқайың кенті | 37 | 04.02.11 | 04.02.11 | |
| 10 | Шөптікөл а/о | 7 | 04.02.11 | 04.02.11 | |
| 11 | Майқайың кенті | 37 | 07.02.11 | 07.02.11 | |
| 12 | Бірлік а/о | 6 | 07.02.11 | 07.02.11 | |
| 13 | Торайғыр а/о | 6 | 07.02.11 | 07.02.11 | |
| 14 | Ақсан а/о | 9 | 08.02.11 | 08.02.11 | |
| 15 | Жаңатілек | 19 | 08.02.11 | 08.02.11 | |
| 16 | Қызылтау а/о | 9 | 08.02.11 | 08.02.11 | |
| 17 | Каратомар а/о | 7 | 08.02.11 | 08.02.11 | |
| Барлығы: 273 | | | | | |

Аудан әкімінің 2010 жылғы 31 желтоқсандағы N 37 шешіміне 3-қосымша

## 1994 жылы туған жасөспірімдерді дәрігерлік тексеруден өткізу үшін тартылатын дәрігерлер мен кіші буын медицина қызметкерлерінің ТІЗІМІ

| Р/с | Мамандығы | Аты-жөні |
|---|---|---|
| 1 | Терапевт | Әмірханова Маржан Мұратовна |
| 2 | Хирург | Зарыхан Мұратбек |
| 3 | Дерматолог | Хадыр Төлеген |
| 4 | Неврапотолог | Жумадиллаев Маулен Базаралиевич |
| 5 | Лор | Қадыр Гүлшан |
| 6 | Окулист | Дандан Заурен |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 7 | Фтизиатр | Бакаева Баян Құсманқызы |
| 8 | Психиатр | Темірбекова Жанар Аманкелдіқызы |
| 9 | Флюролаборант | Сариева Фаруза |
| 10 | Лаборант | Мақашева Әлия<br>Адыкаримова Гульмира |
| 11 | Медбике | Солтанова Гульмира |
| 12 | Медбике | Түсіпова Жанна |
| 13 | Медбике | Кунанбаева Баткен |
| 14 | Медбике | Абдуллина Назым |
| 15 | Медбике | Кабенова Айкумис |
| 16 | Рентгенлаборант | Ахметова Раиса |
| 17 | ЭКГ медбикесі | Кенжебаева Қарлығаш |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК